

Врач травматолог-ортопед

Вакансия действительна с
29.06.2026 по 13.07.2026

Травматолог

Медицина и фармацевтика

РАБОТОДАТЕЛЬ

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Райымбекская районная больница" государственного учреждения "Управление здравоохранения Алматинской области"

Оплата труда	от 448 000 до 500 000 тенге
Условия	полный рабочий день, постоянная работа, нормальные условия труда
Количество вакансий	1

ИНФОРМАЦИЯ О ВАКАНСИИ

Регион Алматинская область / Райымбекский район

Из них для молодёжи 1

ТРЕБОВАНИЯ К СОИСКАТЕЛЮ

Стаж по специальности 3 года

Уровень образования высшее

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ НАВЫКИ

- Ведение медицинской документации
- Оказание неотложной медицинской помощи
- Профилактика, диагностика, лечение, реабилитация пациентов
- Применение методов лечения ожоговых ран и оперативного лечения глубоких ожогов

ЛИЧНЫЕ КАЧЕСТВА

- Ответственность
- Пунктуальность
- Самостоятельность и ответственность

ИНФОРМАЦИЯ О ПРЕДПРИЯТИИ

Количество работников 472

Сведения о предприятии Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Райымбек аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны тарихы 20 ғасырдың 20 - шы

жылдарынан бастау алады. 1920 -1922 жылдары Алматы облысы Нарынқол ауданы Орталық ауруханасы ретінде құрылған. Аурухананың алғашқы басшысы дәрігер Л. Завалишин болған. Кейінгі жылдары аурухананы Төлешов, Хамраев атты дәрігерлер басқарған. 1965-1977 ж.ж аралығында аурухананы Ленин Ордені иегері, дәрігер Алимов Мұхтар Алимович басқарған. 1977-1988 ж.ж аралығында Алдибеков Болат Алдибекович басшылық еткен. 1988 жылдан Турбеков Нұрмағамбет Турбекович басқарған. Кейінгі жылдары аурухана Жанботаев Есжан Абдраимович, Мұқажанов Қапар Жұмаханович, Естеусизов Нұрқожа Таутаевич секілді дәрігерлердің басшылығымен жұмыс жасаған. 1988 жылы аурухана ғимараты жаңадан салынып, 3 қабатты аурухана терапия, балалар бөлімі, хирургия, перзентхана бөлімдерімен жабдықталған. Ауруханаға еңбегі сіңген Кеңес Одағы дәрігерлері өте көп. Атап айтсақ, Жазықбаев Клим Когенбаевич, Лешов Секен, Смагулов Жеңіс Смагулович, Долматов Жорабек Болатович, Балапанов Абай Балапанович, Утемисов Ораз Утемисович, Жамашев Қуат, Уалибаев Оқан. Міне, аталған дәрігерлер аурухананың бөлімшелерінде адал қызмет етіп, еңбек демалысына шыққан. Сонымен қатар, еңбек жолын ауруханадан бастап, кейін Республикамыздың денсаулық сақтау ісіне зор еңбек сіңірген дәрігерлерді айтуымызға болады. Олар:

Баспақов Абай Смайлович – Қазақ СССР Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарған.

Машкеев А.К. – С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина институтының ректоры қызметін атқарған.

Құланбаев М. – профессор, С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Институтының хирургия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Омарова К. О. – м.ғ.д., Республиканың бас балалар гематологы.

Омаров Т.О. – профессор, м.ғ.д., Туб. Институттың бас фтизиатры қызметін атқарған. Белых А. А. – Сарыбастау дәрігерлік емханасында қызмет еткен дәрігер, кейін м.ғ.д., С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Институтының госпиталды терапия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. КСРО Денсаулық сақтау саласының үздіктері:

Кенебаева Бихан Кенебаевна

Алдибекова Айнажан Алдибековна

Аленова Қамаш

Оспанов Ануар

Елемесова Нағима Елемесовна – Даңқ Орденімен, Батжанов Нурадиль – Еңбек Қызыл Ту Орденімен марапатталған.

2014 – 2015 жылдар аралығында ШЖҚ Нарынқол ауылының «Аудандық ауруханасы» МКК директорының міндетін уақытша атқарушы Тлеулиев Алмас Бекенович тағайындалған.

2015 ж 19 наурыздан Алматы Облысы Денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесі ШЖҚ Нарынқол ауылының «Аудандық ауруханасы» МКК директоры қызметіне Тлеулиев Алмас Бекенович тағайындалды.

Аудандық аурухана ғимараты 1988 жылы салынған. 3 қабатты аурухана ғимаратында терапия, реанимация, хирургия, балалар, инфекциялық аурулар, гинекология және перзентхана бөлімі орналасқан. Селолық округлер бойынша Сүмбе ауылдық ауруханасы, Тегістік дәрігерлік емханасы, Сарыбастау дәрігерлік емханасы, Қызыл шекара дәрігерлік емханасы, Қақпақ дәрігерлік емханасы, Қайнар дәрігерлік емханасы, Жамбыл дәрігерлік емханасы, Текес дәрігерлік емханасы, Қаратоған фельдшерлік пункты жұмыс жасайды және стационарлық көмек Нарынқол аудандық ауруханасында - 100 төсек, Сүмбе 20 төсекте көрсетіледі.

Денсаулық сақтау мекемелерінде 61,7 дәрігерлік штатта 46 дәрігер түрлі мамандақта еңбек етуде, яғни аудан бойынша дәрігермен қамту 10000 тұрғынға 14,0 (облыс 23,0 РК – 31,4) дәрігерден келеді. 180 орта буын медицина қызметкерлері жұмыс істейді. 10000 тұрғынға 168,75 мейірбике қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда қызмет етіп жүрген дәрігерлер Тұңғышбаева Б., Сатыбалдиева С.- Қазақстанның денсаулық сақтау үздіктері. Таласбаев И.Т. , Оспанов А.Ж. – Шапағат медалінің иегерлері.

Контактное лицо	Куккузов Руслан Ерланұлы
Регион предприятия	Алматинская область / Райымбекский район
Адрес предприятия	Албан Асан көшесі 1